

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

II КНИГА

Қостанай, 2022

УДК 37.02  
ББК 74.00  
II 23

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Доцанова Алма Иргибаетна**, Председатель Правления - Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, кандидат экономических наук, профессор;  
**Исмуратова Галия Суиндиковна**, и.о. проректора по научно-инновационному и международному развитию Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, доктор экономических наук, профессор;  
**Скударева Галина Николаевна**, кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогики и психологии ГОУ ВО Московской области «Государственный гуманитарно-технологический университет»; Почетный работник общего образования Российской Федерации, г. Орехово-Зуево, Россия;  
**Чекалева Надежда Викторовна**, профессор, доктор педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики Омского государственного педагогического университета, директор научного центра РАО, член - корреспондент РАО, г. Омск, Россия;  
**Бектурганова Римма Чингисовна**, доктор педагогических наук, советник ректора по педагогическому направлению Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;  
**Ахметов Тлеген Альмуханович**, и.о. директора педагогического института им. У.Султангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынов, кандидат педагогических наук, профессор;  
**Демисенова Шнар Сапаровна**, заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор;  
**Утегенова Бибикуль Мазановна**, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;  
**Смаглий Татьяна Ивановна**, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;  
**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, заведующая методическим кабинетом им. Ы.Алтынсарина кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

II23 «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі»: 2022 жылдың 11 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 365 б. = «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов»: Материалы международной научно-практической конференции, 11 февраля 2022 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022. – 365 с.

ISBN 978-601-356-122-6

Жинаққа «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторлары үздіксіз білім беру саласын педагогтарды жаңаша даярлау бағдарымен байланыстырып, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен білім алушылардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау туралы зерттеулерін еңгізді. Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть сущность, тренды и тенденции непрерывности педагогического образования с учетом достижений науки и практики, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в условиях новых вызовов в образовательной практике, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 37.02  
ББК 74.00

ISBN 978-601-356-122-6

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022

## ЗИЯТКЕРЛІГІ САҚТАЛҒАН ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

**Жылқаев Асқар Баратбекұлы,**  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің  
2-курс магистранты  
Қызылорда қ., Қазақстан

### Аннотация

Білім беру саласы жалпыға ортақ. Қазақстанның кез – келген азаматы өзі қалаған орында біліктілігін арттыруға, тиісті ақпарат алуға және оқу орынын таңдауға толық құқылы. Алайда, денсаулығына байланысты туа бітті кінәраты бар, мүмкіндігі шектеулі жандар көбіне шеттетіліп жататыны жасырын емес. Бұл мәселе көптен бері қоғамды толғандырып, оны оңтайландыру барысы барынша жүзеге асырыла бастады. Бүгінгі таңда қоршаған орта ерекше балаларды қабылдауға үйреніп, олардың жалпыға бірдей білім беретін мекемелерде білім алуына да жағдай жасап келеді. Инклюзивті білім беру термині кейіннен енгізілмегенімен, оның бүгінгі таңда маңызы аса зор. Себебі, мүмкіндігі шектеулі балалардың мүмкіндіктерін шектеу әсте дұрыс емес. Олар өзге бүлдіршіндер секілді өмірге деген зор құлшынысы мен білім алуға деген ынтасы бойда көрініс тапқан, өзіндік арман мақсаттары мен құлшынысытары бар, қоршаған ортаны кеңінен тануға ниетті жандардың қатарында. Олай болса, дарынды бойда бұғаттамай, барынша қолдау көрсету біздің басты парызымыз.

**Түйінді сөздер:** биология, ерекше балалар, инклюзивті білім беру, денсаулық, экология.

### Аннотация

Сфера образования универсальна. Любой гражданин Казахстана имеет полное право повышать квалификацию в нужном ему месте, получать соответствующую информацию и выбирать учебное заведение. Однако не секрет, что люди с врожденными пороками здоровья, люди с ограниченными возможностями часто исключаются. Этот вопрос давно волнует общество, и ход его оптимизации стал максимально осуществимым. Сегодня окружающая среда привыкает к восприятию особенных детей и создает условия для их обучения в общеобразовательных учреждениях. Хотя термин инклюзивное образование впоследствии не был введен, он имеет большое значение сегодня. Это связано с тем, что ограничение возможностей детей с ограниченными возможностями не всегда правильно. Они, как и другие дети, выражают свое стремление к жизни и стремление к получению знаний, имеют свои мечты и стремления, стремятся к широкому познанию окружающей среды. Поэтому наша главная обязанность – оказывать максимальную поддержку.

**Ключевые слова:** биология, особые дети, инклюзивное образование, здоровье, экология.

### Abstract

The field of education is universal. Any citizen of Kazakhstan has every right to improve their qualifications in the right place, receive relevant information and choose an educational institution. However, it is no secret that people with congenital malformations, people with disabilities are often excluded. This issue has long been of concern to society, and the course of its optimization has become as feasible as possible. Today, the environment is getting used to the perception of special children and creates conditions for their education in general education institutions. Although the term inclusive education was not subsequently introduced, it is of great importance today. This is due to the fact that limiting the opportunities of children with disabilities is not always correct. They, like other children, express their desire for life and the desire to gain knowledge, have their own dreams and aspirations, strive for a broad knowledge of the environment. Therefore, our main responsibility is to provide maximum support.

**Keywords:** biology, special children, inclusive education, health, ecology.

Әдетте мүмкіндігі шектеулі жандардың денсаулығына дәрігерлер тікелей жауапты болса, оның тәрбиесі мен дұрыс жетілуіне ата – ана жауапкершілік алған, ал білім беру барысын оңтайландыру ұстаздарға жүктелген үлкен міндет. Барлығының жұмыла жасаған жұмысының нәтижесі қайткен күнде де өзінің жемісін беретіні анық.

Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мамандандырылған түзету білім беру мекемелерінде, жалпы білім беретін мектеп шеңберінде, арнайы түзету сыныптарында, қарапайым сыныптарға біріктіріліп жүргізіледі.

«Мүмкіндігі шектеулі және зияткерлігі сақталған балалар» анықтамасы бойынша біз объективті жағдайларға (физикалық даму жағдайына) байланысты күн сайын жалпы білім беретін мекемеге бара алмайтын, бірақ жалпы білім беретін мекемелердегі балалардың көпшілігі сияқты нәтижелерге қол жеткізе алатын (белгілі бір жағдайларда) білім алушылар тобын түсінеміз. Мүмкіндігі шектеулі балалардың проблемасы – олардың балалық шақ әлемінен, дені сау құрдастарынан, тығыз қарым-қатынас, ортақ қызығушылықтар мен жылудың болмауы болып табылады. Оның себебі ата-аналардың көпшілігі алғашқы жылдары мұндай балаларда ересек кезеңде қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға тиісті әрекеттерге назар аудармайтындығымен түсіндіріледі. Нәтижесінде бала бейімделу және интеграциялық мүмкіндіктердің бастапқы деңгейінің төмендеуімен өмірге енеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту кезінде баланың психологиялық және физикалық жағдайына байланысты қиындықтар туындауы мүмкін (олармен үнемі қарым-қатынастың болмауына байланысты құрдастарынан ұялуы, физикалық кемшілікке байланысты психологиялық ыңғайсыздық сезімі). Сондықтан, мұндай балалардың психикалық дамуының қозғаушы күші қарым-қатынастың жаңа формаларына, адамдармен қарым-қатынасқа қатысты проблемаларын үнемі шешу болып табылады.

Психологтардың пікірінше, оқу кезеңдеріне де назар аудару керек. Жылдың көктемгі кезеңі білім алушылар үшін қауіптің жоғарылауымен ерекшеленеді. Дәл осы уақытта барлық созылмалы аурулардың өршуі белең алып, балаларда әлсіздік байқалады. Осы кезеңде олармен қарым-қатынас барысында мұғалімдерден үлкен сезімталдық пен шыдамдылықты, сондай-ақ жоғары кәсіпқойлықты талап етеді.

Мүмкіндігі шектеулі және зияткерлігі сақталған балалардың басты белгісі – жиі шаршау, үлгерім деңгейі мен белсенділіктің төмендігі. Осыған байланысты, мұндай балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер сабақ жүктемесін және үй тапсырмаларының көлемін анықтау кезінде жеке денсаулық ерекшеліктерін білуі керек, мысалы, жылдамдықпен орындалатын тапсырмалардан аулақ болу керек. Сонымен қатар, осы санаттағы баланың оқудағы сәтсіздігінен стресс алуы барлық басқа балаларға қарағанда әлдеқайда жоғары екенін ұмытпаған жөн. Қанағаттанарлықсыз бағалауды бағалау шкаласының сирек, ал ынталандыру мен эмоционалды ынталандыру жүйесін бала бойында оң мотивация туындауы үшін мүмкіндігінше жиі қолдану керек.

Жалпы, зияткерлігі сақталған және мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндердің білім алуы барысында әр пән мұғалімі өзіне тиісті талап – міндеттерді толық атқарып, ұтымды әдіс – тәсілдер негізінде жұмыс жасауы тиіс. Осы орайда, биология пәнінің мұғалімдері де ең маңызды деген мәселені назардан тыс қалдырмауы қажет. Аталмыш пәнді оқытудың әдістемелік негізі барысында мына жайттары жүзеге асырған дұрыс:

- Қажетті нормативтік құқықтық базаны құру;
- Мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламаларын дайындау;
- Жалпы білім беретін ортада мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың тәртібін құрастыру;
- Жалпы мектеп мұғаліміне арнайы мектеп мамандары тарапынан түзету жұмыстары мен әдістемелік сонымен қатар кеңес беру, көмек көрсету жұмыстарын жетілдіру;
- Жалпы мектепте оқып жатқан мүмкіндігі шектеулі балалардың білім сапасын оның әдістемелік жағынан қамтамасыз етіп, қадағалау міндеттерін жүзеге асырып отыру;
- Жалпы мектеп оқушыларының гуманды көзқарастарын қалыптастыру;
- Оқушылардың ата-аналарына педагогикалық – психологиялық кеңестер ұйымдастыру – балаларға арналған мектепте көтерме құрылғылар, санитарлық бөлмелерде арнайы аспаптар, арнайы парталар, үстелдер және тағы басқа арнайы компенсаторлық құралдармен қамтамасыз ету.

Мұғалімге қалыпты сыныптағы ерекше білім қажеттігі бар баланың оқу әрекеті, оның күнделікті сынып жұмысына қатысу сапасы қандай екендігін білу арқылы оқу мақсаттарын белгілеу және де мазмұны, талаптары, күтілетін нәтижелер, жылдамдық пен бағалау критерийлері бойынша міндеттерді шешу қажет. Ол үшін мұғалім оқытудың инклюзивті стратегияларын меңгеруі тиіс [1]

Оның міндетіне келесілер кіреді:

- Балалармен қарым – қатынас орнатуда дамыту, түзету жұмыстары;
- Бағалау қызметін сүймелдейтін ортақ тәсілдер;
- Оқушылармен жұмыстың бірыңғай стратегиясы;
- Ата – аналармен тұрақты ынтымақтастық орнату.

Арнайы оқыту мен тәрбиелеу бір – бірімен тығыз байланыста болғандықтан арнайы білім беру жағдайларын қамтамасыз етуді қажет етеді. Арнайы білім беру жағдайлары – арнайы білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз ету, соның ішінде жалпы білім беру оқу бағдарламалары және түзету – дамыту бағдарламалары.

Интеграцияланған оқыту сабақтарының негізгі мақсаты – балалардың бір – бірімен қарым – қатынас жасауы үшін сыныптың ауызбіршілігін барынша басты назарда ұстау, яғни мүмкіндігі шектеулі балалардың шетте қалмауын қадағалап, әр оқушының өз қабілеттеріне қарай жалпы оқу – тәрбие үрдісіне қосылуы үшін жағдай жасау.

Осы орайда, биология сабағында білім беру барысы арнайы бағдарлама негізінде әзірленіп, дидактикалық принциптерді басшылықта ұстайды. Ол тәрбиелік және дамытушылық сипатты негізге ала отыра, моральдық идеялар мен тұжырымдамаларды қалыптастыруды, мінез – құлықтың дұрыс бағытта жетілуіне мән беріп, оқушылардың психологиялық дамуы мен білім алу еркіндігін дамытуға ықпал ететін оқу іс – әрекетін қамтамасыз етеді.

Сабақ өткізу кезінде біз «зиян келтірме» қағидасын басшылыққа алу қажетпіз. Ақпараттық жүктеме білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес болып, артық жұмыс жасамауы керек. Оқу материалдары оқушыларды белсенді ету, олардың уәждерін қолдау үшін осындай режимде оқуға ұсынылуы керек:

- көру қабілеті бұзылған балаларға жеке көру режимін ескеру, әр түрлі кегль, жоларалық интервал, әріптер мен фонның түсін ұсыну маңызды;
- тірек - қимыл аппараты бұзылған балаларды оқытуды ұйымдастыру кезінде патологияны ескере отырып, арнайы жұмыс орнын ұйымдастыру қажет;
- есту қабілеті бұзылған (нашар еститін) балаларға арнайы дыбыс күшейткіш аппаратура қажет.

АКТ мүмкіндігі шектеулі балаларға іргелі білім алуға және оларды нақты танымдық немесе практикалық мәселелерді шешу үшін, оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді; сыныптас-тарымен талқылау; қосымша ақпарат көздерімен жұмыс істеу, бақылау жүргізу, өз білімі мен қол жеткізген жетістіктерін бағалау сияқты. Сондай-ақ оқу процесінде АКТ-ны қолдану оқушының назарын аудару және есту сақтау қабілетін қалыптастыруға ықпал ететінін байқадым; есте сақтауды жаттықтырады; ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамытады; өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландырады; білім алуға қызығушылықты арттырады; сенімділік пен дербестік сезімін қалыптастырады; қарым-қатынасты жандандырады. Осылайша ерекше балаларға биология пәнін оқыту кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оң нәтижелерге қол жеткізе аламыз.

Демонстрациялық әдістердің ішінде көрнекі құралдарды қолдануға басымдық берілді: (флеш-ролики, фотосуреттер, анимациялар, бейнеклиптер, модельдер).

Оқытудың практикалық әдістері – виртуалды, бақылау, эксперимент және микроскоппен жасалатын практикалық жұмыстар. Олар «сипаттау», «салыстыру», «жіктеу», «түсіндіру» (құбылыстардың себептерін анықтау) және «болжау» (құбылыстардың даму салдарын анықтау, гипотезалар құру) сияқты маңызды логикалық оқу әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Биология сабағында зияткерлігі сақталған және мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру барысы бүлдіршіндердің даму ерекшелігін басшылыққа ала отыра әзірленіп, оның ақыл – ойының дамуына ықпал етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға биологияны оқытудың негізгі міндеттері:

1. Оқушыларға жансыз табиғаттың (ауа, су, пайдалы қазбалар, топырақ) және тірі табиғаттың (өсімдіктер мен жануарлардың құрылысы мен өмірі, сондай-ақ адам ағзасы мен оның денсаулығы) негізгі элементтері туралы білім беру;
2. Өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбыр, қар, жел, тұман, күз, қыс, көктем, жаз сияқты табиғи құбылыстар туралы дұрыс түсінік қалыптастыру;
3. Экологиялық тәрбие беру (қоршаған табиғаттағы өсімдіктердің, саңырауқұлақтардың, жануарлар мен адамдардың өмір сүруіне талдау жасау), табиғатқа ұқыпты қарауға баулу;
4. Кейбір өсімдіктерді өсіру әдістерімен алғашқы рет таныстыру (үйде және мектеп алаңында) және оларға күтім жасау;
5. Адам денсаулығын сақтауға және нығайтуға ықпал ететін дағдыларды қалыптастыру.

Ерекше бүлдіршіндерді биология сабағына баулу барысы олардың ақыл – ойы және физикалық дамуындағы кемшіліктерді түзетуге бағытталып, өмірге деген құлшыныстарын арттыруға себеп болуы тиіс. Себебі, аталмыш пән қоршаған ортамен тығыз байланысты болғандықтан бұл мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қашан да қызықты тақырыптар қатарында болмақ. Сол себепті пәнді игерту барысында оқушылардың сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамыту, психологиялық көңіл – күйіне жағымды әсер ету мұғалімнің басты міндеті болмақ. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген дана қазақ, олай болса сабақ өткізу барысын ұтымды ұйымдастыру, тиімді әдіс – тәсілдерді басшылыққа алу, оқу үрдісін жүйелі құрастыру ең маңызды құрал болмақ. Сабақты өткізу кезінде ұстаз ақпараттық – коммуникативтік технологияларды белсенді қолдануы шарт. Оқушыларға мультимедиялық презентациялар, деректі және көркем фильмдерді ұсыну артық етпейді. Жаңашыл білім беру барысында барлық заманауи техниканы қолдану қашан да өзінің тиімділігін байқататыны анық. Оған қоса, сабақ үрдісінде әр – түрлі дидактикалық материалдарды қолдану да аса үлкен қажеттілік. Мәселен:

- Бағдарлама тақырыптары бойынша кестелер мен плакаттар, таратпа қағаздары;
- Көлемді плакаттар;
- Көкөністер, жемістер, саңырауқұлақтар және т.б. муляждары;
- Өсімдіктер, табиғи нысандар құрылысының үлгілері;
- Гербарий;
- Жәндіктер, пайдалы қазбалар жиынтығы;

- Жануарлар қаңқасы.

Оқытудың белсенді әдістерін көрнекі құралдарсыз елестету қиын. Биология сабағында оларды сабақтың тақырыбы мен мақсатына сай тиімді қолдану арқылы үздік нәтижеге қол жеткізуге болады. Жоғарыда аталған әдіс – тәсілдерді әр сабақта қолдану арқылы ерекше балалардың қабілетін одан әрі дамытып, білімге деген көкжиектерін кеңейтуге болады.

Ел Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбындағы Қазақстан халқына жолдауында қоғамдық жаңғыру негізі адами капитал екені баса көрсетіліп, ондағы басымдық ретінде білім берудің жаңа сапасы тұжырымдалды. [2]

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алу құқықтарының теңдігі, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жататыны Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында сипатталды. Инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату үрдістерінің бірі болып табылады.

ҚР «Білім туралы» заңында ерекше жағдайларға мыналар жатқызылған: «білім алу үшін арнайы жағдайлар – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар...» [3].

Еліміздің Ата Заңында әрбір адамның жеке басының мүддесі мен көзқарасы, таңдауы мен талабы әрқашанда биік тұратынын ескеретін болсақ, зияткерлігі сақталған және мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндер де қоғамнан шеттетілмей тиісті білім алуына толықтай құқылы. Оған кез – келген адам қолдау білдіріп, ұстаздар тарапы болса барынша жүйелі жұмыс жасауға тырысу қажет. Ең ғажабы, жаратылысы ерекше жандардың өмірге деген құлшыныстары ұшан – теңіз. Олардың білсем, үйренсем, танысам деген зор ынталары қашан да жоғары көрініс тауып, өмірге деген сүйіспеншіліктері тым ерекше екені байқалады. Олай болса, бойдағы дарын мен білімді одан әрі дамытып, барынша қолдау көрсету қоғамның басты міндеттерінің бірі. Әр бала бөлек әлем. Барлығы бақытты болуға әбден лайық!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П.Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.
2. «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» жалпыхалықтық идеясы: Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан». - А., 2017. ҚР «Білім туралы» Заңы

УДК711.7

### СТУДЕНТТЕРДЕГІ ҮЛГЕРМЕУШІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

**Исмаилова Сангина Махсуджановна,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты  
**Аганина Құндыз Жамиевна,**  
педагогика ғылымдарының докторы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры  
Алматы қ., Қазақстан

#### Аннотация

Мақалада қазіргі күндегі өзекті мәселенің бірі болып келетін үлгермеушілік мәселесі қарастырылады сонымен қатар студенттердегі үлгермеушіліктің себептерін зерттеген ғалымдардың құнды пікірлері зерттеледі. Студенттердегі үлгермеушілік себептері мен оның алдын алу шаралары көріледі.

**Түйінді сөздер:** үлгермеушілік, білім алушылар, үлгерімі төмен студенттер, үлгермеушілік себептері, үлгермеушілікті жеңудің жолдары.

#### Аннотация

В статье рассматривается проблема неуспеваемости, которая на сегодняшний день является одной из самых актуальных, а также ценные мнения ученых, изучавших причины неуспеваемости у студентов. Причины неуспеваемости у студентов и меры ее предотвращения.

**Ключевые слова:** неуспеваемость, студенты, слабоуспевающие студенты, причины неуспеваемости, пути преодоления неуспеваемости.

#### Abstract